

Астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № 184 Қаулысы

«2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 1 ақпандағы
№ 134 қаулысымен
бекітілген

Астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 11-бабы 2-тармағының 8-4) тармақшасына, «2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес **әзірленген.**

2. Қағидалар 2012 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын арзандатуға субсидиялар (бұдан әрі - бюджеттік субсидиялар) төлеу **тәртібін** **айқындайды.**

3. Бюджеттік субсидиялар төлеуді жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламаның

әкімшісі (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) Қазақстан Республикасы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р л і ғ і .

4. Бірыңғай оператор - ұлттық темір жол компаниясы айқындаған, астықты экспортқа тасымалдауды ұйымдастыру жөнінде экспорттаушыларға қызмет көрсететін
з а ң д ы т ұ л ғ а .

5. Экспорттаушы - Қазақстан Республикасының аумағынан астықты экспортқа сатуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

6. Бюджеттік субсидиялар бірыңғай операторға астықты экспортқа тасымалдау жөнінде нақты көрсетілген көліктік қызметтер үшін төленеді.

7. Бюджеттік субсидияларды төлеуді бюджеттік бағдарламаның әкімшісі 2012 жылғы 22 наурыздан бастап 31 шілдеге (қоса алғанда) дейін Қытай Халық Республикасына не оның аумағы арқылы транзитпен, сондай-ақ Ресей Федерациясының аумағы арқылы транзитпен бірінші, екінші және үшінші сыныпты азық-түліктік бидайды тасымалдаған жағдайда экспорттаушылардың шығындарды жүзеге асыруын растайтын құжаттардың негізінде бір тоннаға 4000 теңге мөлшерінде
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.20 № 1638 Қаулысымен

8. Экспорттаушылар бюджеттік субсидиялардың түпкі алушылары болып табылады

2. Астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын арзандатуға арналған бюджеттік субсидияларды төлеу тәртібі

9. Бірыңғай оператор экспорттаушыларға көліктік экспедиция шартының негізінде көліктік экспедиция қызметтерін көрсету арқылы астықты экспортқа тасымалдауды ұйымдастырады.

10. Астықты шекаралық өту станциясына және/немесе межелі станцияға (портқа) дейін тасымалдағаннан кейін экспорттаушы Бірыңғай операторға экспорттаушының қолымен және мөрімен куәландырылған шекаралық өту станциясының және/немесе межелі станцияның (порттың) күнтізбелік штемпелі бар темір жол жүк құжаттарының
к ө ш і р м е с і н б е р е д і .

11. Бірыңғай оператор осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес экспорттаушылардың құжаттарды беру фактісі бойынша осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша астықты экспортқа тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтердің актілерін (бұдан әрі - Актілер) жасайды.

12. Бірыңғай оператор Актілердің негізінде осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша темір жол көлігімен астықты экспортқа тасымалдау жөнінде

2									
3									
4									
5									
6									
7									
	жиыны								

Экспорттаушының атауы

Бірыңғай оператордың атауы

(басшының қолы, Т.А.Ә.) (басшының қолы, Т.А.Ә.)

Астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидаларына
2-қосымша

экспорттың бағыты

темір жол көлігімен астықты экспортқа тасымалдау бойынша көрсетілген қызметтердің тізілімі

Р/с	Экспорттаушының атауы	Тиіп жөнелту кезеңі (айлар бойынша)	Тасымалдау көлемі, тонна	1 тоннаға өтеу құны, теңге	Жалпы өтеу құны, теңге
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					

Бірыңғай оператордың атауы

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

Астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидаларына
3-қосымша

экспорттың бағыты

астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына арналған шығындардың құнын өтеуге өтінім

20 __ жылғы «__» _____

Осымен Бірыңғай оператор Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінен республикалық бюджеттен _____ «_____» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша _____ (_____ ___) теңге сомасындағы _____ санмен және жазумен қаражатты субсидия алушының _____ № _____ есеп б а н к т і ң а т а у ы шотына аударуды сұрайды.

Бірыңғай оператордың атауы _____
бірінші

басшының қолы және Т.А.Ә.

м.о.

Өтінімге оның ажырамас бөлігі ретінде мыналар қоса беріледі: заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі; нөмірі көрсетілген банк шотының болуы туралы банктің анықтамасы; ЖСН/БСН.

Астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидаларына

4-қосымша

« Б е к і т е м і н »

Қазақстан
шаруашылығы
жауапты

Республикасы

Ауыл
министрлігінің
хатшысы

20 __ жылғы «__» _____

Нысан

Қазақстан Республикасының экономиканы жаңғырту мәселелері

жөніндегі мемлекеттік комиссияның 20 __ жылғы «__»

№ _____ хаттамасына сәйкес _____ «_____»

бюджеттік бағдарламасы бойынша

темір жол

экспорттың бағыты көлігімен астықты экспортқа тасымалдау кезіндегі

**шығындардың құнын арзандатуға бюджеттік субсидияларды
төлеуге арналған қорытынды**

Экспорттаушының атауы	Бірыңғай оператормен жасалған көліктік экспедиция шартының нөмірі мен күні	_____ кезеңде _____ экспорттың бағыты тасымалданған барлық астық, тонна	1 тоннаға өтеу сомасы, теңге	бюджеттен аударуға жататын өтеу сомасы, теңге, кезеңі
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____

Астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына жұмсалатын шығындар құнын арзандатуға субсидиялар төлеу қағидаларына
5-қосымша

экспорттың бағыты

**астықты экспортқа тасымалдау кезіндегі шығындар құнының
бір бөлігін өтеуді**

_____ 20 __ ж. «__» _____ №__ растау актісі
экспорттаушының атауы

P/c	Жөнелту	Вагон №	Жөнелту станциясы	Кіретін станциясы	Шығатын станциясы	Межелі (шекарадан өту) станция (порт)	Жөнелту күні (тасымалдау құжаттарындағы станцияның штемпелі)	Тасымалдау көлемі, тонна	Бір тоннаға өтеу сомасы, теңге	Жалпы өтеу сомасы, теңге
1										
2										
3										
4										
5										
6										
7										
	жиыны									

Экспорттаушының атауы Бірыңғай оператордың атауы _____

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

(басшының қолы, Т.А.Ә.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК